

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№12				
Күндері	15.11 - 19.11.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Ғажайыптар әлемінде/ В мире сказок / The World of Fairy Tails				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дуйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі жайлы ақпарат беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңді түру, матаны сулау, құрғатур, лас болған кезде шаю. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және өдемілеп орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үйді өздігінен тазалай білуін, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін жетілдіру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Сүйікті өртегілер" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталай білуге үйрету, зейінді, есте сақтауды жаттықтыру.	Саусақ жаттығуы. "Қолғап" Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау)	"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру. Барысы: - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі.	"Зоологиялық домино" үстел үсті ойыны. Мақсаты: балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін тәрбиелеу. Ойын ережесі: кім өз суреттерін бірінші қойса, сол жеңімпаз болады. Ойын әрекеттері: зейінді болу, өз суретін уақытында қою, жүрісін өткізіп алмау.	"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойын. Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Жолдарыңа үңіліп, Екі бақа жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап. Олар ерте тұрады, Беті - қолын жуады. Оңға - солға шайқалып, Бақылдайды ән салып. Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық тақпақ.				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Дастарханға ыдыстарды ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарханды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне дәмді ас тілеу; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне дәмді ас тілеу; тамақтан соң алғыс айту.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бөріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар!	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны Мақсаты. Педагог балаларды екі командаға бөліп, бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтары шалыныспай, аяқ, қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі командадағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол команда жеңген болып есептеледі.	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту Бауырсақтың жолы ("Бауырсақ" ертергісі желісін драматизациялау). Мақсаты. Балаларға «Бауырсақ» ертегісінің желісін пысықтау, ертегі желісі бойынша барлық кейіпкерлерге ортақ сөздерді қайталап айтуда жаттықтыру; ертегі желісін драматизациялау тәртібіне үйрету. <i>Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы".</i> Сурет салу "Қысқы қолғап". Мақсаты. Балаларды қолғап пішінін қылқаламды пайдаланып безендіруге үйрету; пішіннің ішкі жағын бірін-бірі ретімен алмастырып тізілген, ою элементтерімен толықтыру амалдарына машықтау. <i>Саусақ жаттығуы. "Қолғап".</i> Дене шынықтыру "Бауырсақ әлемі". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу дағдысына үйрету. <i>"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Бауырсақтың әлемі". Мақсаты. Балалардың бесік жырының нәзік әуенін ықыласпен және қызығушылықпен тыңдай білу қабілетін дамыту; әнді айтуда эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка әуенімен бірге би элементтерін үйлесімді орындауға үйрету; ырғақтық қимылдарды музыкамен сәйкестендіре білуге жаттықтыру. <i>"Бауырсақ" ойыны.</i> Математика негіздері "Геометриялық пішіндер әлемі". Мақсаты. Балаларды геометриялық пішіндердің қасиеттерін түстеріне қарамай ажыратуға жаттықтыру; сол жақ пен оң жақты бағдарлау, есте сақтау қабілетін жетілдіру, заттардың саны біреу және көп екенін ажырату мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, елестету, ойлау қабілеттерін дамыту. <i>"Сиқырлы қоржын" зерттеу жаттығуы.</i> Вариативті компонент Дидактикалық ойындар	Көркем әдебиет "Мақтаншақ қоян". Мақсаты. Балаларды «Мақтаншақ қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталап айтуға үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Көңілді қоянның суретін тап".</i> Дене шынықтыру "Бауырсақ секілді көңілді жүрейік". Мақсаты. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіру дағдыларын әрі қарай дамыту; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын жетілдіру. <i>"Бауырсақ пен түлкі" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану "Ғажайып бөлме өсімдіктері". Мақсаты. Балалардың бөлме өсімдіктерінің алуан түрлілігіне қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде құрдастарының жауаптарын тыңдай білуге және гүлдерді аялай білуге және әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. <i>«Гүлдер» имитациялық ойыны.</i> Орыс тілі "Кто живет в лесу?" Дикие животные. Цель. Учить запоминать названия диких животных, живущих в лесу, внимательно слушать сказку на русском языке («Теремок»), понимать содержание сказки, опираясь на знакомые названия диких животных, учить запоминать, применять необходимые слова и сочетания слов (на русском языке), часто повторяемые в сказке. <i>Упражнение "Кто живет в лесу?".</i>	Жапсыру "Қояндарға құрақ көрпе" (ұжымдық жұмыс). Мақсаты. Балаларды тіктөртбұрыш пішінді кескінді үшбұрыштар арқылы толтырып, ою алаңын құрастыруға үйрету; кескіндердің пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, ою-өрнектерді орналастыру принципітері жөнінде ұғымдар негізін қалау; "Мақтаншақ қоян" ертегісі мазмұнын пысықтау. <i>Саусақ жаттығуы.</i> Дене шынықтыру "Жылан тәрізді болайық". Мақсаты. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі бастарын төмен түсірмей, шалынып кетпей, аяқ-қолды бірге қозғалтып, еркін жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді еңбектеу техникасын дамыту. <i>"Жылан тәрізді болайық" қимылды ойыны.</i>
Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аяқтары және олардың қызметі туралы білім беру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту.) Мақсаты: ұжымдық жұмысқа ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лақтыр да ұстап ал". Мақсаты: допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту.	Күзгі жаңбырды бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жерге түскен жапырақтарды жинау). Мақсаты: еңбексүйгіштікке, еңбек етуге деген құштарлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары секір". Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету, жолдастық сезімді тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Ержүрек балалар". Мақсаты: жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.	Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: күздің ерекшеліктері жайлы білімдерін толықтыру, табиғаттың әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Нысанаға тигіз". Мақсаты: допты нысанаға лақтыруға үйрету, дәлдікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені ұстап ал". Мақсаты: дене, қимыл қозғалыстарын дамыту.	Шетенді бақылау. Мақсаты: шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.) Мақсаты: ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруге үйрету, достыққа тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл түсір". Мақсаты: дәлдікті, көзді дамыту.	Аяздың өрнектерін бақылау. Мақсаты: терезедегі аяздың өрнектерінің әртүрлілігін қарастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау). Мақсаты: балабақша алаңында тазалық пен тәртіпті сақтауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жұбынды тап". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша қимылдар жасау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.

Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, жақсылап шаю, беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.
Үйге қайту	баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.

Тексерген:Бекишева М.А